

Министерство образования и науки Республики Казахстан
НАО «Актюбинский региональный университет им. К.Жубанова»

«УТВЕРЖДАЮ»

Председатель правления- ректор
Актюбинского регионального

университета
им.К.Жубанова,

Б.А.Ердембеков



2020 год

**«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті»
КЕАҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты**

Ақтөбе, 2020 жыл

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты енгізудің мақсаттары мен міндеттері

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚР Заңының және ЖОО-ларда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларын әзірлеу және қабылдау жөніндегі ҚР БҒМ әдістемелік ұсынымдарының ережелеріне сәйкес әзірленді.

- Аталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат «Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КЕАҚ (бұдан әрі-Университет) қызметіндегі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға және жолын кесуге бағытталған нормативтік құжаты болып табылады.

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға, қоғамның университет қызметіне деген сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық шаралар.

Университетке сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты енгізудің негізгі

мақсаттары:

- ЖОО-ң сыбайлас жемқорлық қызметіне тарту тәуекелін барынша азайту,

- атқаратын лауазымына қарамастан Университет қызметкерлерінде сыбайлас жемқорлықты кез келген нысанда және көріністе қабылдамау туралы Университет саясатын біркелкі түсінуді қалыптастыру;

- Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы Университетте қолданылатын заңнаманың негізгі талаптарын жалпылау және түсіндіру.

Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін Университетке Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты енгізудің мынадай міндеттері белгіленеді:

- Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің негізгі қағидаттарын бекіту;

- саясаттың қолданылу саласын және оның қолданысына түсетін адамдар тобын айқындау;

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға жауапты университеттің лауазымды тұлғаларын анықтау;

- Университет іске асыратын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың, стандарттар мен рәсімдердің тізбесін және оларды орындау тәртібін белгілеу;

- Университет қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат талаптарын сақтамағаны үшін жауапкершілігін бекіту.

2. Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің негізгі принциптері

2.1 Университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесі мынадай қағидаттарға негізделеді:

1) Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының қолданыстағы заңнамаға және жалпы қабылданған нормаларға сәйкестігі қағидаты: іске асырылып жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және жоғары оқу орындарына қолданылатын өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі.

2) Университет басшылығының жеке үлгісі қағидаты: университет басшылығы өзінің мінез-құлқымен үлгі көрсете отырып, барлық деңгейлердегі сыбайлас жемқорлықтың кез келген нысандары мен көріністеріне бітіспес қараудың этикалық стандартын қалыптастыруы тиіс.

3) ОПҚ мен қызметкерлерді тарту қағидаты: ОПҚ мен қызметкерлердің лауазымына қарамастан, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен рәсімдерді қалыптастыруға белсенді қатысуы.

4) Нөлдік толеранттылық қағидаты: университетте кез келген нысанда және көріністе сыбайлас жемқорлықтан бас тарту.

5) Тәуекелдерді мерзімді бағалау қағидаты: университетте жалпы университет қызметіне және оның жекелеген бөлімшелеріне тән сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және бағалау кезеңдік негізде жүзеге асырылады.

6) Ашықтық қағидаты: университетте жүргізіліп жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат туралы жұртшылықты хабардар ету.

7) Жазаның жауаптылығы мен бұлтартпаушылық қағидаты: атқаратын лауазымына, жұмыс өтіліне және еңбек міндеттерін орындауға байланысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда өзге де жағдайларға қарамастан Университет қызметкерлері үшін жазаның бұлтартпаушылығы; сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру үшін басшылықтың жауапкершілігі.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға жауапты тұлға

3.1 Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған барлық іс-шараларды ұйымдастыруға жауапты тұлға университет ректорының бұйрығымен тағайындалады.

3.2 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға жауапты тұлғаның негізгі міндеттері:

- Университетте Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша шешімдер қабылдау үшін ұсынымдар дайындау;

- Университетте сыбайлас жемқорлықтың туындау қаупін тудыратын себептер мен жағдайларды жоюға бағытталған ұсыныстар дайындау;

- Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі шараларды іске асыруға бағытталған нормативтік актілердің жобаларын әзірлеу және оны университеттің Ғылыми кеңесіне бекітуге ұсыну;

- * Университет қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын анықтауға бағытталған іс-шаралар өткізу;

- * Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бағалау жүргізуді ұйымдастыру;

- * Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқыту іс-шараларын ұйымдастыру;

- * Бақылау қадағалау және құқық қорғау органдарының уәкілетті өкілдеріне Университеттің сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша қызметіне инспекциялық тексерулер жүргізу кезінде жәрдем көрсету;

- * сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша іс-шараларды ұйымдастыру;

- * сыбайлас жемқорлыққа қарсы насихатты ұйымдастыруға қатысу;

- * сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстың нәтижелерін бағалауды жүргізу тиісті есепті материалдарды дайындау.

4. Университет қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы іс-қимылға байланысты міндеттері

Барлық қызметкерлер өздерінің лауазымы, университеттегі жұмыс өтіліне қарамастан, лауазымдық міндеттерін орындауы барысында :

- аталған Саясат ережелерін басшылыққа алуға және осы қағидаттар мен талаптарды мүлтіксіз сақтауға;

- * айналасындағылар сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаудан немесе оған қатысуға дайын деп түсіндіруі мүмкін мінез-құлықтан аулақ болуға міндетті.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар

5.1. Аталған Саясатқа қосымша ретінде Университетте жыл сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспары бекітіліп, оларды өткізу мерзімдері мен жауапты орындаушы көрсетіледі.

5.2. Қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық стандарттарын енгізу мақсатында Университетте Іскерлік қатынастар этикасын қозғайтын және қызметкерлердің әдепті, адал мінез-құлқын қалыптастыруға бағытталған қызметкерлердің мінез-құлқының жалпы ережелері мен қағидаттары белгіленеді.

Мұндай жалпы ережелер мен мінез-құлық принциптері университет ректоры бекіткен университеттің педагог қызметкерлерінің этикасы мен қызметтік мінез-құлық кодексінде бекітілген.

5.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың элементтерінің бірі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау болып табылады. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалаудың мақсаты университет қызметіндегі нақты операцияларды анықтау болып табылады, оларды іске асыру кезінде университет қызметкерлерінің жеке пайда алу мақсатында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау ықтималдығы жоғары.

5.4. Университетте сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс қимыл мәселелері бойынша қызметкерлерді келесі тақырыптар бойынша оқыту жүргізілуі тиіс:

- * сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін заңды жауапкершілік;

- * Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша заңнама талаптарымен және университеттің ішкі құжаттарымен және оларды университет қызметінде қолдану тәртібімен танысу;

- * сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың алдын алу мәселелері бойынша құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасау.

5.5. Университет жүзеге асыратын ішкі бақылау сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алуға және анықтауға ықпал етеді. Бұл ретте университет қызметінің университеттің нормативтік құқықтық актілері мен жергілікті нормативтік актілерінің

талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету сияқты ішкі бақылау және аудит жүйесінің міндеттерін іске асыру үлкен қызығушылық тудырады.

5.6. Серіктестермен өзара іс-қимыл барысында Университет ЖОО-да қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар туралы, оның ішінде шарттарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың сақталуы туралы белгілі бір ережелерді енгізуге болатындығы туралы хабарлайды. Университет іскерлік қатынастарды адал және шынайы түрде жүргізетін, өз беделіне қамқорлық жасайтын, бизнесті жүргізу кезінде жоғары этикалық стандарттарға қолдау көрсететін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі өз шараларын іске асыратын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұжымдық бастамаларға қатысатын серіктестермен іскерлік қатынастарды орнатуға және сақтауға ұмтылады.

5.7. Университет Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды енгізу дәрежесі мен іске асырудағы табыстары туралы, оның ішінде Интернет желісіндегі ресми сайтта тиісті мәліметтерді орналастыру арқылы жұртшылықты хабардар етуді жүзеге асырады.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат талаптарын сақтамағаны үшін жауапкершілік

6.1. Университет және оның барлық қызметкерлері Қазақстан Республикасының қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының нормаларын сақтауға тиіс.

6.2. Университеттің барлық қызметкерлері осы саясаттың қағидаттары мен талаптарын сақтау үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жауаптылықта болады.

6.3. Осы саясаттың талаптарын бұзғаны үшін кінәлі адамдар тәртіптік, әкімшілік, азаматтық-құқықтық және қылмыстық жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

7. Университеттің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын іске асырудағы ішкі нормативтік құжаттары:

1. Университеттің Этика ережелері;
2. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы ашықтықты және айқындықты қамтамасыз ету жөніндегі жемқорлыққа қарсы Стандарт ;
3. Университеттің академиялық адалдық кодексі;
4. Тәртіптік-сыбайлас жемқорлыққа қарсы Кеңес туралы ереже;
5. Студенттің ар-намыс кодексі;